Құпия емес

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының докторанты Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» тақырыбындағы «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысына ресми оппонент, т.ғ.к., профессор Ж.Қ. Қаражановаңың

СЫН ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Жаңғыру процесі әдетте экономикалық өсумен, индустрияландырумен, урбандалумен, білім деңгейінің артуымен, орта таптың күшеюімен тығыз байланысты.

Ұлттың саяси мәдениетіне ықпал етуі жаңғырудың тағы бір аспектісін қарастырады. Г.Алмонд пен С.Вербаның анықтамалары бойынша саяси мәдениет адамдардың мемлекет пен оның саяси институттарына, олардың мемлекеттегі рөліне қатысты құндылықтары мен қарым-қатынастар жиынтығы ретінде анықталады. Көп жылдар бойы жаңғыру процесі мәдени және әлеуметтік өзгерістер енгізуде. Кейбір ғалымдардың жаңғыруға қатысты зерттеулерінде қоғам индустрияландыруға өткен кезден бастап белгілі бір өзгерістерге ұшырау ықтималдығы артады деп мәлімдеген.

Осының нәтижесінде экономикалық даму қоғамның кәсіби мамандануының артуына, білім деңгейінің өсуіне, кірістің артуына түрткі болады. Екінші жағынан, экономикалық даму қоғамда кәсіпкерлік таптың пайда болуына алып келеді және аталмыш тап өкілдері мемлекеттің ашық әрі жария болуына ықпал етеді. Соңында, экономикалық даму адамдарды бір-біріне төзімді, қанағатшыл болуға және сенім тудыруға жағдай жасайды. Жаңғыру теориясына сәйкес, жоғарыда айтылған наным-сенімдер мен нұсқамалар елдің демократиялық дамуына түрткі болуы тиіс.

Жаңғыру процесінің саяси мәдениетке оң ықпалы туралы тұжырымды Қазақстанның үлгісінде қарастыратын болсақ, Қазақстан – тәуелсіз мемлекет ретінде 1991 жылы әлемдік сахнада пайда болған еді. Он жылдық экономикалық құлдырау мен жалпы кеңестік нарықтың жойылуы және жұмыссыздықтың артуы салдарынан туындаған қиындықтардан кейін еліміз 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында экономиканың тұрақты өсуіне тап болды. Көп бақылаушылардың пайымдауы бойынша, бүгінгі Қазақстан аймақтағы жетекші экономикасы бар елге айналып отыр.

Осындай жағдайда жаңғыру процесінің қазақстандықтардың мемлекеттің саяси жүйесіне, оның саяси институттарына қатысты пікірі

қаншалықты өзгергендігін зерттеген жөн. Себебі, 1990 жылдары Қазақстан азаматтары өз елінде демократияны құруға дәрменсіз деп саналды. Өткен тарихында демократиялық тәжірибенің болмауы, кеңестік мұра мен демократиялық саяси элиталар мен азаматтардың болмауы сияқты факторлар жоғарыда айтылған дәрменсіздіктің негізгі себептері болған еді. Қазіргі кезде де бірнеше онжылдық бойы қазақстандық азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастырған құндылықтар мен наным-сенімдер бүгінгі күні сақталып келеді. Әсіресе, саяси басшылыққа қолдау көрсетудің кеңестік стилі саясатқа жеке басының селқос араласуымен үйлеседі.

Қорыта келе, саяси мәдениетке қысқаша шолу нәтижесі жалғасып жатқан жаңғыру процесі қазақстандықтардың саяси билікке және саяси институттарға қатысты көзқарастары мен ұстанымдарында терең өзгерістер туындайды деген тұжырымға қайшы екендігін аңғартады. Керісінше, ұсынылған дәлдер негізінде саяси мәдениет экономикалық дамуға тығыз байланысты емес екендігін байқатып, тарихи мұра, яғни, коммунистік басқару жүйесі, қазақстандықтардың құндылықтар жүйесінде терең із қалдырғанын айтуға болады.

Дегенмен, Қазақстан жаңғырудың үшінші кезеңіне өту барысында елімізде бірнеше даму басымдықтары ұсынылған еді. Олардың ішінде, технологиялық жаңғыру, сандық технологияларды жаппай енгізу, макроэкономикалық тұрақтылық, адам капиталы сапасын жақсарту, институттық өзгерістер, қауіпсіздік және жемқорлықпен күрес мәселелері қарастырылған.

Әлбетте, аталмыш басымдықтарды жүзеге асыру үшін Қазақстан алдыңғы қатарлы мемлекеттердің саяси жүйесіндегі үздік модельдерді қолдану мүмкіндіктері мен практикаларын қарастырған жөн. Әсіресе, 150 жылдан астам уақыт бойы жаңғыру процесінің үлкен үш кезеңінен өткен Жапонияның жаңғыру үлгісі еліміздің серпінді дамуына оң әсерін беруі мүмкін.

Жапонияның қарқынды жаңғыру формасы сыртқы және ішкі динамиканың нәтижесінен туындады. Жапон үкіметінің жаңғыру жолын таңдау шешімі сыртқы қауіп-қатерден қорғанудың құралы болып саналды. Жапония батыс елдерінің моделі арқылы жаңғыру жолымен феодалдық жүйеден бас тартып, өздеріне лайықты конституцияны әзірлеуі керек еді. Жапондық қарқынды жаңғыруы сыртқы ықпалдың болуына қарамастан, ішкі күш әлі де оның жүзеге асып-аспауын анықтайтындығын аңғартты. Күн Шығыс еліне оның көздеген мақсатына жетуге ықпал ететін сыртқы себептер қажет болды.

Сөйтіп, осы диссертациялық зерттеудің Қазақстанның жаңғыру процесінде саяси дамуының тәжірибесі мол практикаларын қолдану өзектілігі қазіргі қазақстандық жаңғырудың маңызды мәселелерімен талап етіледі.

2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын ғылымның және/немесе мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкестігі

Зерттеу жұмысы Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының екі елдің жаңғыру процестерін салыстырып, жапондық жаңғыру моделін Қазақстанда қолдануды ұсыну болып саналады. Диссертацияда жалпы жаңғыруға, жапондық жаңғыру теорияларына концептуалды сараптама жасалды. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтап, қорғауға ұсынылатын тұжырымдарды белгілейді.

Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» диссертация тақырыбы «ішкі саясат» ғылыми бағытына сәйкес келеді.

Сонымен бірге, диссертация тақырыбы Елбасымыздың бірнеше стратегиялық жолдауларына, атап айтқанда, «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегияларының негізгі ережелеріне сәйкес келеді.

Диссертацияның мазмұны, қойылған мақсаты мен міндеттері, алынған ғылыми нәтижелері жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді.

3. Диссертация талаптары аясындағы ғылыми нәтижелер

Ізденуші отандық тарих ғылымы үшін келесі ғылыми нәтижелерді алды:

Бірінші нәтиже. Жаңғыру процестерін жан-жақты зерттеу нәтижесінде көптеген тұжырымдар мен ұсыныстар қорытындыланып, қазіргі таңда жаңғырудың классикалық теориясына қызығушылық (дәстүрлі қоғамның қазіргі замандағы қоғамға өту) біртіндеп әлсірегендігі байқалуда. Себебі, өзінің тарихи-мәдени даму сатысын батыс еуропалық елдер ғана емес, шығыс еуропалық және азиялық елдерде де өткен еді. Осыған қарамастан, жаңғыру теориясы әлі де мәдени ой-сананың және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің даму тарихында маңызды рөл атқарып отыр.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайтын негізгі әдістемелік алғышарттар сарапталды және айтылған мәселені талдау кезінде кешенді теориялық тәсілдемелер ұсынылды.

Екінші нәтиже. Жапониядағы жаңғырудың дәстүрлі тетіктері саяси мінез-құлықпен үнемі өзара байланыста екендігін байқатады. Осының нәтижесінде жаңғыру процестерінің дәстүрлі механизмдері арасындағы ішкі дискурсивті байланыстар өзгеріп отырады. Сонымен бірге, Қазақстандық саяси жүйедегі институттардың жаңғыру стратегиялары бірқатар өлшемдерге сәйкес болуы тиіс. Бұл үшін қоғамдағы тұрақтылық пен экономикалық өсуді қамтамасыз ете алатын теңгерімдер жүйесін жаңарту керектігі дәлелденді.

Үшінші нәтиже. XIX ғасырға дейін Жапония дамуы жағынан феодалдық мемлекет болып келсе, кейінгі кезеңде қуып жетуші мемлекеттер құрамына еніп, қазіргі таңда экономикалық дамуы жағынан әлемде төртінші

мемлекетке айналғандығы жаңырудың жапондық моделін қолдану мүмкіндіктері зор екендігі тұжырымдалған.

Төртінші нәтиже. Автор жапондық неолибералды идеялар мен дәстүрлі қоғамның арасындағы үйлесімділікті сақтауға ықпал ететін, қазіргі саяси ақиқаттың жетілу, бірнеше нұсқаларға бөлінуін ескерген жаңа ұстанымдар ұсынып отыр. Қазақстанның саяси жүйесінің серпінді дамуында жапондық тәжірибені бейімдеу механизмдерін қарастыру қажеттілігі дәлелденді.

Бесінші нәтиже. Ізденуші екі мемлекеттің басқару формаларын салыстырып, жапон қоғамының бірігуіне ықпал еткен әкімшілік-саяси реформалардың бірқатар сынақтан өткен механизмдерін елімізде қолдану ұсыныстарын анықтады.

Алтыншы нәтиже. Автор Жапонияның неолибералды бағыттағы дәстүр мен жаңғырудың біртұтас болуы жапон халқының тұрақтылығы мен бірлігіне әсер еткен жапондардың дүниетанымының үйлесімділігі мен бірлігін айқындайтын «Ва» феномені негізінде жүзеге асырылғандығын тұжырымдады. Қазақстандық қоғам да өзінің болмысын сақтап қалу мен басқа әлемге ашық болу қабілеті бар екендігі дәлелденді.

Жетінші нәтиже. Автор ашық болу, халықтың билеуші партияға деген жоғары сенімі, елу жылдан астам уақыт бойы билік құрған ЛДП-ның халықпен тығыз байланыста жұмыс істеуі сияқты неолибералды техникаларды «НұрОтан» билеуші партиясының қызметінде қолдану басқа саяси партиялармен және ұйымдармен конструктивті, жемісті сұхбаттың дамуына оң әсерін тигізетіндігі анықтады.

Сегізінші нәтиже. Ізденуші Жапонияның мемлекеттік қызмет тәжірибесі аясында мемлекеттік басқару моделі қалыптасып, Жапонияның мемлекеттік қызметіндегі кейбір тұстарын Қазақстанның демократиялық өзгерістерінде тиімді қолдануға болатындығы айқындап көрсетті.

4. Ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен ережелері ғылыми тұрғыдан негізделген және еш күмән туғызбайды. Олар алты топтан тұратын ғылыми маңызы бар дереккөздеріне сүйенеді.

Бірінші нәтиже негізді әрі шынайы, себебі, ол қазіргі халықаралық қатынастар тарихында жаңғырудың негізгі тұжырымдар мен теорияларын зерттеуге және талдауға сүйенеді. Әсіресе, Ф.Мараинидің, И.Сабуроның, М.Масаоның жаңғыру теорияларына қатысты еңбектерінде тың ой-пікірлер ұсынылған.

Екінші нәтиженің негізділігі мен шынайылығы да өте жоғары, себебі, ол Жапония мен Қазақстандағы жаңғыру процестері белгілі бір стратегиялық құжаттар негізінде жүзеге асты.

Үшінші нәтиже де шынайы әрі негізді, себебі, жапондық жаңғыру ерекшеліктері бірнеше даму және қарқынды ілгерлеу сатысынан өткен болатын.

Төртінші нәтиже шынайы әрі негізді, себебі, бұрынғы премьер-министр Накасонэнің мемлекеттік стратегиясына қатысты еңбегінде ұсынылған неолибералды идеялар мен консервативті көзқарасты үйлестіру техникалары, мүмкіндіктері мен қазақстандық жаңғыру моделінде тиімді пайдалану мүмкіндігі көрсетілген.

Бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші нәтижелер де шынайы әрі негізді. Себебі, оларды сараптау нәтижесінде мемлекеттік басқару формаларының негізгі ерекшеліктерін байқап, екі мемлекет үшін де мемлекет басшылары тұрақтылықтың негізгі кепілі болғанын аңғартады. Ал, бірнеше ғасырлар бойы бір даму формациясынан екінші даму формациясына өту кезінде қоғамда радикалды өзгерістерге жол бермеген «Ва» феномені қазақстандық қоғамда мемлекет пен халық арасында шынайы түсіністік пен сенімді оятуы қажет. Сонымен бірге, екі елдің билеуші партияларының салыстыру нәтижесінде ЛДП-ның саяси платформаларында қолданылатын неолибералды техникалар «Нұр Отан» партиясының шынайы халықтық демократиялық партиялық күшке айналуына көмектеседі деп сенеміз. Жапониядағы мемлекеттік қызметтің қалыптасуы барысында бюрократиялық аппараттың мемлекеттің негізін қалауы елдің тұрақты дамуына оң әсерін тигізді.

5. Әр ғылыми нәтиженің (ереженің) жаңашылдық дәрежесі

Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен ережелері тақырыпты зерттеудің жаңа тәсілдемесін ұсынады. Себебі, жұмыста қолданылатын материалдардың бір бөлігі отандық ғылымға алғаш рет енгізілуде. Ізденушінің жаңғыру мәселесіне қатысты алғаш рет отандық ғылымға енгізіп отырған фактілері, теориялық-әдістемелік тұжырымдары жаңа авторлық тәсілдеме болып саналады.

Жалпы алынған ғылыми нәтижелерді келесі жолмен бағалауға болады.

Бірінші нәтижені жаңа болып есептеледі. Себебі, жаңғыру процесінің тұрақты дамуы, жаңғыру теориялары мен концептілердің, жапон жаңғыру моделінің қалыптасуы қазақ тілінде алғаш рет зерттелуде.

Екінші нәтиже жаңа болып саналады. Осы кезге дейін екі елдің жаңғыру процесіне қатысты зерттеу жұмыстары жасалғанына қарамастан, олардың белгілі бір стратегиялық құжаттарға кешенді түрде сүйеніп қарастырылмаған.

Үшінші нәтиже жаңа болып есептеледі. Жапондық жаңғыру моделі «Ва» феномені негізінде дәстүрлі құндылықтарды сақтап, жаңа заман талаптарын ескеріп, үйлесімділік үлгісін ұсынған болатын.

Төртінші нәтиже жаңа болып саналады. XX ғ. 80-жылдары жапондық мемлекеттік стратегиялық құжаттар аясында жаңа либералды идеялардың

дәстүрлі үрдістермен ұштасуы жаңа серпінге ие болды. Соның нәтижесінде бірнеше әкімшілік-саяси реформалар табысты жүзеге асты.

Бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші нәтижелер де жаңа болып есептеледі. Себебі, мемлекеттік басқару формаларын зерделеу барысында, император мен президент мәртебесінің негізгі құндылықтарын, билеуші партиялардың қоғамдық тұрақтылыққа қатыстылығын, Жапонияның экономикалық ғажайыбы сияқты серпінді дамуында және Қазақстанның саяси жүйесінде мемлекеттік қызметшілер аппаратының қызметін зерттеп, оң нәтижелер алынды.

6. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Диссертация қойылған мақсат пен міндеттерді зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары арқасында расталады. Алынған нәтижелер зерттеу жұмысының өзектілігіне күмән келтірмейді. Диссертацияның қойылған мақсат пен тиісті міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нақты құрылымы мен ішкі логикасы қатаң сақталған.

7. Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы

Автор алған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының сараптамалық-талдау орталықтарында жаңғыру процесіне қатысты мемлекеттік стратегиялық құжаттарды әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін.

Диссертация материалдары мен ғылыми нәтижелер шығыстану, саяси ғылымдар, экономика, халықаралық қатынастар салаларында зерттеушілердің қызығушылықтарын арттырады.

Диссертация материалдары қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік курстарын, оқулықтар әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

8. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіне қатысты кемшіліктер.

Зерттеу жұмысының маңыздылығын жоққа шығармай, ізденушінің төмендегідей жіберген кемшіліктерге назар аударғандығы жөн:

1. Ізденуші диссертацияны дайындау барысында біршама ескірген ғылыми еңбектерді пайдаланған. Әсіресе соңғы жылдарда жарық көрген шетелдік әрі отандық ғылыми зерттеушілердің еңбектерін қолдану диссертацияның өзектілігін әрі маңыздылығын одан әрі байыта түсетіндігі күмән тудырмайды.

2. Ізденушінің назары диссертация тақырыбына жанама қатысы бар еңбектерге, атап айтқанда, қытайтанушы ғалымдардың еңбектеріне ауып кеткен.

3. Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері өте ауқымды, атап айтсақ, сонау 1867-1868 жж. Мэйдзи реформаларынан бастау алған. Әрине, Жапонияның тарихында бұл аса маңызды тарихи кезең екендігі белгілі, бірақ ІІІ-ші жаңғыру кезеңіне аяқ басқан Қазақстан Республикасы үшін

Жапониядағы XX-XXI ғғ. шеңберінде жүзеге асырылған саяси жаңғыру реформаларын зерттеу маңызды болып табылады.

4. Диссертацияда бірқатар қайталауларға жол берілген.

Дегенмен, жоғарыда айтылған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылығын төмендетпейді. Жалпы ізденуші Б.Қ.Ақынның диссертациялық жұмысы аяқталған еңбек.

9. Философия докторы (PhD) дәрежесін ұсыну мүмкіндігі туралы қорытынды.

Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» тақырыбы бойынша дайындалған диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған, мазмұны жағынан аяқталған ғылыми еңбек болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, диссертациялық жұмыстың авторы Б.Қ.Ақын «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

ҚР ҰҚК Академиясының құқықтық және
гуманитарлық дайындық факультетінің профессоры,
ұ.қ. полковнигі, т.ғ.к., доцент **Ж. Қаражанова**

2019 жылдың «03» желтоқсаны

Қолын растаймын:
ҚР ҰҚК Академиясының
секретариат бастығы
2019 ж.«03» 12

Орын. Қаражанова Ж.Қ.
Тел. 8 (727) 2679865